АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

"АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ"
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2017 13.10

Көкшетау қаласы

№ 286

город Кокшетау

Ақмола облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жалпы білім беру мектептерінің оқушылары арасында облыстық «Намыс» спартакиадасын өткізу туралы

Ақмола облысының жалпы білім беру мектептерінің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарыныңоқушылары арасында облыстық «Намыс» спартакиадасын өткізу туралы ережеге сәйкес, жастарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет етуге даярлау, оқушыларды өз халқына және Отанына адалдық рухында тәрбиелеу және Қазақстан халқының жауынгерлік, еңбек және ұлттық дәстүрлеріне адалдық сезім қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Намыс» облыстық спартакиадасы Ақмола облысының жалпы орта білім берумектептерінің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарыныңоқушыларының арасында өткізілсін.

2. Облыстық дене тәрбиесі, спорт және алғашқы әскери дайындық оқу әдістемелік орталығы (Яковенко В.Л.) жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Намыс» облыстық спартакиадасының өткізілуін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін, Спартакиада жарыстарының бас төрешілерінің тізімін бекітсін.

3. Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің басшылары, колледждердің директорлары:

1) облыстық спартакиада жарыстарына аудандармен колледждердің құрама командаларының міндетті түрде қатысуына шаралар қолдансын;

2) білім беру ұйымдарында «Намыс» облыстық спартакиадасының іріктеу кезеңдерін өткізуді қамтамасыз етсін;

3) жарыстар кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша қажетті шараларды қамтамасыз етсін;

4) Спартакиада жарыстарының түрлеріне сәйкес командаларды бірыңғай формамен, қажетті жабдықтармен және әскери-техникалық мүлікпен қамтамасыз етсін;

017623

Сериялық нөмірін банк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады,
белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және БЕЛГІСІ АЛЫНАДЫ
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве,
ЗАВЕРЯЕТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке

5) қатысушылардың жарыстарға дейін медициналық тексеруден өтуі, жол сапар уақытында және жарыстар күні денсаулықтарына, өмірлеріне зардап тигізбеу жауапкершілігі командалардың өкілдеріне жүктелсін;

6) Спартакиаданың корытындысы бойынша, белсенді қатысқан қатысушылармен алғашқы әскери дайындық мұғалімдері – ұйымдастырушыларын марапаттау мүмкіндіктері каралсын.

4. Жақсы ауданы білім бөлімінің басшысы (Саутова А.С.), Бозайғыр аулының №5 агро-техникалық колледжінің директоры (Мухамедиев М.З.) спартакиаданың салтанатты ашылуын ұйымдастырсын және өткізсін, спартакиаданың салтанатты жабылуы Бурабай ауданыбілім бөлімінің басшысына (Төлегенов Ж.М.) жүктелсін.

5. Жақсы ауданы білім бөлімінің басшысы (Саутова А.С.), Бурабай ауданы білім бөлімінің басшысы (Төлегенов Ж.М.), Атбасар ауданы білім бөлімінің басшысы (Наймушина Н.Г.), Бозайғыр аулының №5 агро-техникалық колледжінің директоры (Мухамедиев М.З.), Қатаркөл ауылынын ауылшаруашылық колледжінің директоры (Савельев С.Б.), облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығының директоры (Өмірзаков А.Г.), жарыстарды өткізу орындарын дайындап, жарыс өткізу кезінде спартакиадаға қатысушылардың тамақтануын, тұруын және оларға медициналық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасарына Б.Б.Дүйсеноваға жүктелсін.

Білім басқармасы
басшысының м.а. **Т. Жүнісов**